

ҚАЗАҚ ССР САЯСИ ЖӘНЕ ФЫЛМИ БІЛІМДЕР  
ТАРАТУ ҚОҒАМЫ

---

Т. Ж. ШОЙЫНБАЕВ


Тарих ғылымдарының кандидаты

9(58-3)  
11-26.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ  
ТАРИХЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОҚИҒА

(Қазақстанның Россияға қосылудының 225 жылдығына)

АЛМАТЫ — 1957 ЖЫЛ



9659.61

чм А. С. Пушкин

Казакстанның Россияға өз еркімен косылғанына 225 жыл толды. Қазақстанның болашақ дамуы үшін бұл косылу аса көрнекті тарихи маңызды оқиға болды. /Эт тағдырын ұлы орыс халқымен мәңгі қосқан казак халқының өміріне бұл оқиға бетбұрыс кезең жасады. Қазақ халқы Жонғар феодалдарының құлдығынан, ал кейінрек Шығыстың артта қалған феодалдық мемлекеттерінің және ақырында Англия капиталистерінің жаулап алғынан өзін аман сактап қалды./

Казақ халқының ұлы орыс халқымен достығының терең тамыры сонау алыста жатыр. Тіпті XIII—XIV ғасырлардың өзінде орыс халқы мен Қазақстан тайпалары, еліміздің басқа халықтары сыйқты монгол үстемдігіне қарсы бірлесіп құресті. Монгол езгісін жойып, алтын орданы талкандауда орыс халқы құресінің шешуші маңызы болды. Оナン соңғы ғасырларда орыс, казақ халқының экономикалық-мәдени байланыстары барған саяйн күшіне түсті.

Казақ халқының орыс халқымен жакындасуға ұмытылуы тарихи зандалық еді. Тарихтағы әрбір қоғамдық қозғалысты мәңгілік әділеттілік немесе басқа бір алдын-ала топшылаған идея тұрғысынан емес, қайта белгілі бір құрылым немесе қоғамдық қозғалыс туғызған және соған байланысты туған жағдайлардың тұрғысынан бағалау керек. Қазақстанның Россияға қосылу фактісін дұрыс бағалау үшін бұл тезистің айрықша маңызы бар.

Қазақстанның Россияға қосылу қарсаңында тарихи жағдайы ерекше қыйын еді. Өндіргіш күштердің дамуы мұлдем баяу болды. Өндірістік қатынастар көшпелі мал шаруашылығы негізінде, патриархалдық-феодалдық қатынастарды онан әрі өркендету және нығайту бағытымен

біржакты дамыды. Шаруашылық жүргізудің басым formasы мешеу қалған көшпелі мал шаруашылығы болды.

Мал шаруашылығының мешеулігі, қазақтардың на-туралды шаруашылығының тар шеңбері мал басын есі-руге кедергі жасады. Табиғи апат — жұт, қуаңшылықтан шөп шықпай қалды, індег, т. б. жыл сайын көшпелі мал шаруашылығына үсті-үстіне ауырсоққы болумен қатар, әсіресе жұт айрықша зардабын тигізді.

Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығы жағдайында феодалдық қатынастар феодалдық коғамның талтық жайларынан туатын патриархалдық-рулық қалдықтардың көпшілігін өз бойында сактап қалды.

Мал көшпелі қазақтардың өмір сүруінің бірден-бір амалы болды. Бірақ сол малдың басым көпшілігі фео-далдардың қолында еді. Көп мындаған табындар солардың меншігінде болатын да, негізгі өндірушілер — қазак шаруашылығының малы өмір сүру үшін де жетіспейтін. Кедей шаруалар байдан сауынға жалғыз-жарым мал алып, оны пайдаланғаны үшін еңбегімен өтейтін. Өтеу жайында істеген шаруаның еңбегі тым өнімсіз болды, ол — өндірістің тоқырауына әкеліп соқтырды.

Сонымен көшпелі мал шаруашылығында негізгі өнді-рушілерді қанау сауынға уақытша мал беру арқылы жүргізілді. Жер көптің пайдалануында деп есептелінді. Бірақ оны негізінен малы көп адамдар, яғни ірі феодалдар мен байлар пайдаланды. Сондықтан натуралды шаруашылық жағдайында жерді кауымдастып пайдалану байға неғұрлым тиімді болды.

Қазақстанда кедей көшпелілерді қанау ісі «рулық жәрдем» беру арқылы жүргізілді. Малы жок немесе малы аз кедейлер өзінің бай ағайынына жәрдем сұрап баруға мәжбүр болды, уақытша пайдалануға алған малын қайтарып беруге шамасы келмегендіктен олар байдан біржолата кетіп қала алмады.

Қазақстаниң өткендегі тарихи өмірі оның тұрмысына белгілі мөлшерде әсер еткен оқыйғаларға толы.

Ол кезде Қазақстанда бірыңғай орталықтанған мемлекет болған жок. Ол бірнеше ұсак хандықтарға бөлінді, олардың арасында үздіксіз болып жатқан қанды талас-тартыстар халықты жоқшылыққа, қайыршылыққа ұшыратты, елді әлсірете берді. Осының салдарынан Қазақстан талай рет шығыс көршілерінің шапқыншылығына ұшырады. Жағдай әсіресе XVII ғасырдың аяғы мей-

XVIII ғасырдың басында өте ауыр болды, XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақстанға онтүстік-шығыстан жонғарлар басып кірді. 1723—1727 жылдары қазактардың қарсылығына қарамастан, олар Ұлы жүзді және Орта жүздің басым бөлегін жаулап алды, Сайрам мен Түркстанга дейін жетіп, Кіші жүзге қатер төндірді. Жонғар әскерлерінен шегіне отырып, қазактар мал-мұлкін тастай кашты. Көшіп ұлғірмеген қазак рулары қырғынға ұшырады. Кей жерлерде жонғарлар барлық халықтарды қырып жіберді, ал сау қалғандарын құлға айналдырды. көп реттерде жақындал қалған жаудан қашып, туған жерін тастап үдерек көшу жүтпен қабат келді де, елді аштық шарлады. Көптеген рулар аштықтан қырылып, жоқ бол кетті.

«Ақтабан-шұбырынды» деп аталған тарихи апат жайында ел аузында мынадай өлең сакталып қалған:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір жорға бос келеді.  
Туған жерден айрылған қыйын екен!  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді...  
Мына заман қай заман — зарлы заман!  
Көздің жасын көл қылыш ағызамын...  
Мына заман қай заман — дүшпан заман  
Басымыздан бак-дәulet ұшқан заман,  
Көшкенде көзге кіріп бүркаған шаң  
Қантардағы қатты аяз қыстан жаман ..

Жонғар шапқыншылығына байланысты қазак халқының алдында құлдыққа тұсу немесе құрып кету хаупі туды. Цәл осы мезгілде ол өзінде ол батыстагы қуатты көршісі — Россияға, орыс халқына қолын созды, көмек пен колдауды содан іздеді.

Ол кездегі қалыптасқан жағдайда Қазақстанды басқыншылардан қорғап, халықты қыргыннан сактап қала алатын бірден-бір ел Россияғана еді. Қазақ халқы осы жалғыз дұрыс жолды — Россияның қол астына ену жолын таңдал алды.

1718 жылдың өзінде орыс ешісі Б. Брянцев Сибирь губернаторы Гагаринге былай деп хабарлаған-ды «Қазақ (яғни қазак) халқының барлық адамдары орыс халқының адамдарымен бейбіт қатыста болуды әрқашан тілейміз дейді».

1730 жылы 8 сентябрьде канцлер Головкинге жазған хатында Абылхайыр хан былай деп көрсетті: «Осыдан бастап қол астымдағы барлық жер-мұлкіммен Сіздің ұлы мәртебелі императорыңдың қоластына енгім келеді...» деп тілек білдірді.

Бұл хат тиісті әсәр етті де, 1731 жылғы 19 февральда императрица Анна Ивановна Кіші жүзді Россияның кол астына қабылдау туралы Абылхайыр ханға жіберген сенім грамотасына<sup>1</sup> қол қойды.

Сұлтандардың реакцияшыл пиғылдағы топтарының келіссөзді бұзуға және кіші жүздің Россияға қосылуна кедергі жасауға тырысқан әрекеттері сәтсіздікке ұшырады. 1731 жылғы 10 октябрьдегі жыйналыстың өзінде басым көпшілік Россия азаматтығын қабылдауды жактағы. Бұл шешімге келуде, сондай-ақ келіссөздерді дұрыс аяқтауда жоңғарларға қарсы күрестегі алуан ерліктерімен аты шыққан, халыққа әбден белгілі болған Бөгембай батыр күшті роль атқарды.

Сонымен, 1731 жылды Кіші жүз, оның артынан Орта жүз өз еркімен Россияның қоластына енді. XIX ғасырдың орта шенінде Казақстанның Россияға қосылу процесі негізінен аяқталды. Қазақтардың өмірі жаңа арнаға тусты.

Россияға және ұлы орыс халқына сүйену, оған жақындастыру Казақстанның онан кейінгі тарихи дамуының бүкіл барысында өзін ақтап шықты. Царизм шет аймақта отарлық езгі орнатқанына қарамастан, бұл қосылудың аса зор прогрессивтік маңызы бар.

Энгельс: «Шығысқа қатынас жөнінде Россия шын мәнісінде прогрессивтік роль атқарады... Қара және Каспий теңіздері мен Орталық Азия үшін, башқұрт пен татарлар үшін Россия үстемдігі цивилизацияландыру ролін атқарады»<sup>2</sup> деп көрсеткен болатын. Бұл анықтаманың қазақтарға да тікелей қатысы бар.

Қосылудың нәтижесінде қазақ халқының Шығыстағы феодалдық мешеу мемлекеттердің құлдығына—ағылшын отаршыларына арқа сүйеген Хиуа, Қоқан, Бұхар хандықтарының тепкісіне тусу хаупі жойылды, қазақ халқын

<sup>1</sup> Грамота Абылхайыр ханға жеткізу үшін оның елшісіне 1731 жылды 20 февральда тапсырылды Грамотаның тексті 1731 жылды № 5704 ИПСЗ-нің VIII томында жарияланды.

<sup>2</sup> К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, XVI том, 211 бет.

талан-таражға түсірген феодалдық талас-тартыстарға тыйым салынды. 1822—24 жылдары Қазақстанда хандық өкімет жойылды. Феодалдық ақсүйектердің, хандар мен сұлтандардың праволары мен артықшылықтары тұқыртылып, құлдық, төленгіттік, т. б. жойылды.

Осының бәрі, әрине, қазак ақсүйектерінің — хандар мен сұлтандардың наразылығын туғызды. Олар хандық өкіметті, өздерінің бұрынғы праволары мен артықшылықтарын қалпына келтіру үшін көтеріліс шығара бастады, Ондай көтерілістердің ішінде ең ірі Саржан Қасымовтың, кейінрек оның інісі Кенесары Қасымовтың көтерілістері болды. Бұл реакцияшыл феодалдық-монархиялық қозғалысқа «Правда» — газетінің 1950 жылғы 20 декабрьдегі номерінде жарияланған мақалада былай деп толық, дәл баға берілді: «Бұл қозғалыс қазак халқын артқа тартқан, патриархалдық-феодалдық тәртіпті нығайтуға, ортағасырлық хандық өкіметті қайта орнатуға, Қазақстанды Россиядан, ұлы орыс халқынан бөліп тастауға тырысқан реакцияшыл қозғалыс болды», Реакцияшыл қозғалысты қазак еңбекшілер бұқарасы мұлдем қолдамады да, ол жеңіліске үшірады.

Қазақстанның Россияға қосылуы Қазақстанға алдыңғы қатарлы Россияның экономикасы мен мәдениеттің енуіне қолайлы мүмкіндіктер туғызды, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуы үшін даңғыл жол ашты.

« Қазақстанның Россиямен жакындау әрекеті ертеректеде жасалғанын атап өту керек. Сонау 1594 жылдың өзінде қазақтың Тәуеке ханы (1586—1598 ж. ж.) Москваға өзінің елшілерін жіберіп, Бұхар ханы Абдуллаға қарсы күресте орыстардан көмек сұраған болатын. Сол уақыттары-ақ Тәуеке орыс мемлекетінің кол астына енуге тілек білдірген-ді. Ол бұл фактыны Бұхарамен күресте соғыс одағы болады деп қарады. Алайда ол кездे алыстағы Москва қазак хандығына иакты көмек көрсете алмады. Жоңарға қарсы Россиямен одак жасау әрекеті Тәуке-ханның (1680—1718 ж.) тарапынан да байқалды. Тәуке-ханның қайтыс болуы басталған келісөздерді үзіп жіберді. »

« Ақыр сонында, жоғарыда көрсеткеніміздей, 1731 жылды Кіші жүз Россияның кол астына ресми түрде енді, ал одан кейін Орта жүз (1740 ж.) Россияның құрамына өз еркімен қосылды. 1846 ж. Ұлы жүздің қазақтары орыс

үкіметіне қол астына алуды өтініп, Россияға адалдығына аnt берісті. 1854 ж. патша әкімшілігі Алматы тоғайынан жаңа бекініс салу үшін орын таңдап алды, кейін ол Верный деп аталды. Қазақстанның Россияға қосылу процесі негізінен аяқталды.<sup>2</sup>

Халық бұқаралары бұл тарихи оқыйбаларға қалай қарады? Қынжыларлық бір жай, осы мәселе әдебиетте жеткілікті көрсетілмей жүр. Қазақстанның Россияға қосылуы секілді елеулі және маңызды мәселеге еңбекші қазақтардың жай бақылаушы ретінде ғана қарамағаны күмәнсіз. Қазақ халқы өзінің басым көпшілігімен Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуын жактады, өйткені ол сыртқы хауіpten, ішкі талас-тартыстан құтылудың, сөйтіп тыныштық орнатып, елдің шаруашылығын дамытудың бірден-бір дұрыс жолын осы қосылудан көрді.

Қазақстанның Россиямен жақындастыруның терең экономикалық себептері де болды: қазақтар Россияға экономикасы неғұрлым дамыған ел ретінде ертеден-ақ көңіл қойып, XVIII ғасырдың бас кезінде онымен тығыз сауда қатынасын жасай бастаған-ды

XIX ғасырдың орта шенінен бастап Қазақстанда ақша-сауда қатынасы дамый түсті. Осыған байланысты бұрынғы натуральды шаруашылық ыдырай бастады Байлар шаруашылығы бірте-бірте рынок талаптарына бейімделіп, товарлы сипат ала бастады. Ұлан-байтак дала-лы аймақта бірыңғай мемлекеттік әкімет билігі орнады, неғұрлым кең товар айырбасын жасауға белгілі жағдай жасалды. Орыс капиталистері осы мүмкіндіктерді пайдаланып, тез және кедергісіз пайда табу үшін Қазақстанның жаңадан қосылған облыстарына ағыл-тегіл келе бастады. Қазак даласы өндеу өнеркәсібінің өнімдеріне мұқтаж болатын да, ал өздерінде мал шаруашылығының басы артық шикі зат өнімдері көп болатын еді. Орыс сәудегерлері мен алыпсатарлары қазақ ауылдарында сениммен және ынтамен сауда операцияларын өрістете бастады.

Оренбург пен Сибирь казак линияларының таможнялары жаңындағы — Оренбург, Троицк, Петропавловск және басқа қалалардағы айырбас сарайлары сауда қатынасын онан әрі өрістетудің өткелді пункттері болды. Көптеген сауда керуендері осы жерлерге қарай ағылшын келе бастады; күзді күндері қазақтар отарлаған қойла-

рын, табындаған жылқыларын айдал келіп, осы жерлерде орыс купецилері мен сәудегерлеріне және олардың орталық Россиядан приказчиктері әкелген товарлармен қызу айырбас жүргізді.

Тағажия пункттерімен қатар, өздерінің базаларын және мерзімді жәрменкелерін ашқан көршілес казак станицалары саудаға кеңінен тартылды. Петропавелға таяу, Тайынша көлдің маңындағы июнь-июль айларында байлар саудасы әбден қызатын үлкен жазғы жәрменке осылай пайда болды. Мұнда көтерме саудагерлер қазактардан малды табын-табынымен сатып алатын Орыс, қытай және ортаазиялық товарлардың мол қорлары да осында әкелінетін, 60-ншы жылдардың бас кезінде Тайыншакөл жәрменкесінің жыл сайынғы айналымы күміс акшамен есептегендеге 5 миллион сомга жетті.

Сырдарияның сағасындағы көптеген орыс, бұхар сауда дүкендері орналасқан Қазалы пунктінің маңызы да кем болған жок. Орынбор линиясынан Орта Азияға және кейін қарай сауда керуендерін өткізу осы жерде жургізіліп жатты; көптеген қазақ ауылдары да қыскы мал жайылымына жету үшін осы жерде өзенчен өтетін-ді

Жергілікті рынок ірі орыс жәрменкелері — Ірбіт және Нижгород жәрменкелерімен тікелей байланысты болды. Әдетте Ірбіттен шыққан товар қазақ даласына ерте көктемде әкелінетін де, Нижгородқа — декабрьде жеткізілетін; жаз ортасында сауда ісі аяқталады, ал күздің бас кезінде әрқайсысында 5—10 мын бас мал бар ірі кара табындары солтустікке, Петропавелға, Тюменьге, Қазанға, Нижний Новгородқа және онан әрі — Москвага қарай шұбырады. Қойлардың басым көшілігі Петропавелда сойылып, жергілікті май қорытатын белгілі жерлерге түседі де, арнаулы бөшкелермен Ірбітке, Нижніге, Москваға, Петербургқа, бір бөлегі шетелгө жөнелтіледі. Шикі терілер өндеу үшін Тоболь губернясындағы былғары заводтарына, аттың қылы, елтірі, қой мен түйе жуннен жасалған бүйімдар Макарьев жәрменкесіне жіберіледі және шамалап Сибирге тарайды.

Осының бәрі қазақ ауылдарына сауда — акша қатынастарының терең еңуіне, жергілікті қазақ саудагерлерінің өсуіне мықтап ықпал етті; бұлар көбіне Петропавелдан, Семейден және басқа қалалардан келген ірі орыс купецилерінің агенттері еді.

Саудагерлердің елеулі тобы Қазан және Сибирь татарлары болды, олар қазақтардың тілі мен салтын жақсы білгендіктен ауылға одан араласып кетті. Көп жағдайда орыс капиталистерінің өзі приказчиктерді Сибирь татарларынан іріктең алуды тиімді көрді.

Қазақтар басым көшілігінде өздерінің негізгі кәсібі — мал шаруашылығының өнімдерін өткізді. Мол маýмен, тэтті етімен аты шыққан жүз мыңдаған құйрықты қойлар, табын-табын сыйыр, жылқы мен түйе ен далаң жәрменкелерге қарай топ-тобымен айдалды. Шығарылған товарлардың арасында жүннен тоқылған бұйымдар да елеулі орын алды. Ал аң терісі, тұз, балық секілді товарлардың үлесі аз болды.

Россия айырбас үшін қазақ даласына товарлардың негізгі үш түрін: мата бұйымдарын, астық және металл бұйымдарын, яғни мал шаруашылығы үнемі тапшылық көретін товарларды шығарды. Матаның ішінде ең бастысы макта маталар болды (әсіресе Ірбіт пен Нижгород жәрменкелерінен сатып әкелінген орыстың, шыт матасы тым тез өтетін); полотно маталар әлде қайда аз сатып алынды. Астық негізінен ұн түрінде, металл — шойын, мыс және қола бұйымдары — қазан, леген, қолжуғыш, самауыр, т. б. түрінде әкелінді. Мұнан тыс орыс көпестері қазақ даласына өндөлген былғары, бояу мұнай, скипидар, әк, қант, дәрі-дәрмек, қағаз, жіп, ине, айна, тарак, т. б. сол секілді бұйымдарды көптеп жеткізді.

Әдетте көпестер өз товарларын несиеге беретін де, одан адам айтқысыз өсім алатын. Сауда қатынасы әлі өрістей қоймаған кезде көпестер өздерінің монополиялық жағдайын пайдаланып, қыруар пайда тусіріп жатты; олар өз товарларын аса қымбатқа сатып, қазақ малын болмашы бағаға алумен болды.

\* \* \*

Сауданың дамуы қазақ қоғамына елеулі ықпал етті. Ауқатты қазақтардың арасынан өз көпестері шығып, олар линияларда, форттарда, әсіресе ауылдарда сауда операцияларын кеңінен өрістетті. 1863 жылы бір ғана Баянауыл округінің өзінде 107 саудагердің — 68-і қазақтар болды. 60-ншы жылдардың орта шенінде Перовск фортында сауда операцияларын Троицк, Ташкент, Бұхара, Хиуа қалаларымен сауда байланысы бар жергілік-

ті қазақ көпестері жүргізді; олар товар алу үшін Ірбіт жәрменкесіне, Қытайдың Чугучак қаласына дейін баратаң. Кейбір қазақ көпестерінің меншігінде аса мол айналым капиталы болды. Мәселен, ағайынды Конакбаевтардың 150 мың сом, Медеубаевтың—300 мың сом, Жүрісбайдың—500 мың сом қаржысы болды. Қазақ көпестері меншікті приказчиктер ұстады; орыс және ортаазиялық -саудагерлер сектілді, олар да товарларын түйе керуендерімен, қазақ лаушыларының арбаларымен алып жүретін. Даламен сауда жасау сырттан тасыйтын кәсіптің дамуына ықпал етті. XIX ғасырдың орта шенінде бұл кәсіп тек қазақ станцияларының орыстары үшін ғана емес, сонымен қатар көптеген қазактар үшін де пайдалабудың аса маңызды көзі болып алды.

Аймактың өндіргіш күштерінің өркендеуіне байланысты сыртқы және ішкі сауданың дамуы натурады шаруашылықтың ыдырауына сонымен қатар еңбектің қоғамдық өнімінде товарлы үлестің өсуіне әкелді.

Россияда қазақ мал шаруашылығының өнімдеріне суралу күштейгеннен кейін малды, әсіресе койды өсіруге елдің ынтасы артты. Жаңа мұліктер, әсіресе акша жинаудың перспективасы табындаған көп малы бар қазактарды қызықтыра түсті.

XIX ғасырдың орта шенінде малды базарға шығару кең үрдіске айналды. Бес жыл ішінде (1857—1861 ж.) Шығыс және Орталық Қазақстан (Сибирь қазактарының облыстары) рынокқа жыл сайын орта есеппен 658 мың қой, 48 мың мүйізді қара, 19 мың жылкы беріп отырды. 1862 жылы Батыс Қазақстан рынке 486 мың қой 25 мың мүйізді ірі қара, 9700-ден астам жылкы шығарды. Мал шаруашылығының негізгі өнімдері көп соомаға шығарылды. Ақыр соында, күш көлік аттар мен түйелерді жүк тасуға (кіре тарту) жалдаудың өзі қыр-уар табыс келтірді.

Сауданың дамуы өндірістің басқа салаларына да әсерін тигізді Қазактар ертеден-ақ ан аулаумен шүғылданатын. Солтустік және Оңтустік Қазақстанда, Тау қойнауында, қалың қамыс пен көлдерде аңшылық мол антерілерін берді. Аңшылар аю, барыс, жолбарыс, акбекен, елік, киік аулады, сусар, суыр, түлкі, актышқан ұстады, жаз айларында көлдерден су құстарын көптең атын алды.

Каспий мен Арал теңіздерінде, Торғайда, Сырдарияның сағасында, Эмбіде және далалық көлдерде балық аулау кәсібі кең өрістеді. Кедейлер (жатақтар) үшін балық аулау тіршілік етудің басты кезеңдерінің бірі болды. Балықты күнге кептіріп, отка қактап, жегеннен артылғанын саудагерлерге сатып отырды. XIX ғасырдың 60-шы жылдарының бас кезінде казактар рынокқа жыл сайын көп мөлшерде жас балық, кепкен және қакталған балық шығарды.

Товарлы катынас барған сайын терең ене берді. Ол саудагерләрге жеке тұтынуға қажетті өнімдер сатуға ұмыттыдырып, әрбір казак семьясын базар байланысына тартты.

Рынокка тек басы артық өнімдер ғана сатылып қойған жоқ. Айырбастың дамуы кейбір өнімдерді рынок үшін арнай өндіруді тұгызды. Екінші жағынан кедейлер басы артық ёмес өздері мұқтаждық көріп қалатын тұтыну өнімдерін де сатуға мәжбүр болды. Жұмысшы күшін сату — жағдайдан шығудың жолы деп есептелді. Казак қауымының бір шетінде байлардың есуі, екінші жактан кедей батырактардың хөбеюін туғызбай қойған жоқ.

Ол кездері Қазақстанның аса бай кен казбалары әлі аз зерттелген болатын, дегенмен, қорғасын мен мыстың кейбір ірі кендері белгілі болып, аныы тәсілмен өндірле бастаған-ды. Руданы қарқындырақ өндіру Қазақстанның өз ішінде жоқ мол капитал жұмсауды талағ етті.

Дәл осы жерде орыс капиталының инициативасы үлкен роль атқарды. 1834 жылы орыс көпесі Степан Попов Берікқара тоғайында мыс және күміс-қорғасын кенин ашты. 1844 жылы Попов руда корытуды бастап, шикен заводын — Александров, Богославск, Иоанно-Предтеченск заводтарын үйімдастырыды. Онымен бір мезетте, 1833 жылы бақташы казак Аппак Байжанов Карагандада тақ көмір қорын ашты. 1854 жылы бұл кен орны қөпесс Ушаковқа сатылды да, ол мұнда қарапайым әдіспен көмір өндіруді үйімдастырыды.

Орыс кәсілкерлері XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанда 4 былғары заводын, 5 май ерітетін кәсілорыч ашты. Қазак және орыс халықтарының құшімен тұз өндірілді, оның бір белегі жеке тұтынуға жұмсалды да, бір белегі рынокка шығарылды: 60-шы жылдардың бас

кезінде таможня линиясына жыл сайын 200 мың пұттан астам түз апарылып отырды.

Сонымен айырбастың дамуы Қазақстан өндірісіне белгілі әсерін тигізді. Сауда қатынастарының үлгаюы арқасында мал шаруашылығы, аңшылық, балық аулау, түз өндіру салаларында рынок үшін арнай өндіру, жұн бүйімдарын жасау дәрежесі артты. Еңбекті қофамдық бөлісудің негізінде, айырбастың дамуына тығыз байланысты, профессионалдық кәсіп бөлініп шықты. Қазақстанда мануфактура өнеркәсібінің алғашқы бастамалары Россияға косылғаннан кейін тез қаркынмен дамыды. Қазақстанның өндіргіш күштерінің осы даму процестерінің негізі казақ халқының Россиямен экономикалық байланысы болды.

\* \* \*

XIX ғасырдың екінші жартысында халықтың отырышылануы онан әрі өсіп, қазактардың кейбір бөлегі мал шаруашылығынан егіншілікке ауыса бастады.

Товарлы қатынастардың дамуы қазақ қофамы ішінде жіктелуді күшетті. Ірі-ірі табындары мен отарлары бар байлармен бірге, малы жок, болғандықтан көшіп-қона алмайтын кедей-жатақтардың саны өсті. Олардың бір бөлегі XIX ғасырдың бірінші жартысындағы секілді байдың қақпанына түсті — солардың малын бағып, егінін екти. Бірақ бай шаруашылығы жатақтардың басы бос күшінің бәрін жұтып кете алмады, сондықтан олардың көпшілігі рудниктер мен заводтарға кетіп калды, орыс селоларына жұмысшы болып жалданды, т. б. Қалалар мен ірі селолардың төңірегінде жатақ поселкелері пайда болып, есе бастады.

Даланың солтүстік аймағында, Орынбор мен Сибирь линияларына таяу, егіншілік дамый берді. Жауын-шашын мол болатын Орал мен Тобыл бассейнінде қазактар суармай-ақ бетегелі ен даланы жерағашпен айдал егін салды. Оңтүстікке таман, Сырдарияның, Эмбінің, Үрғыздың, Торғайдың, Сарысудың жағалауларында қазактар күрделі арықтар қазып, тоғандар, су қоймаларын жасап, шығырлар түрғызды. Жерағашпен жыртылды, кейде кетпенмен өндеді: аударылған топырақ кесегін сол кетпеннің шүйдесімен, немесе көдімгі тоқпақ не келтекпен майдалап отырды.

Ауылдарға орыс ықпалының енуіне қарай ауытша-руашылық құрал-саймандары: сока, шалғы, тырма қолда-

ныла бастады. Қебінесе бидай, тары, арпа егілді. Топырақты үзбей ылғалдаң отырды. Тары әрбір 6—8 күн саңын, қалғандары жаз бойына бір реттен суарылады. Күзді күні сепкен тұқымнан 50, тіпті 70 есе мол тары, 4—5 есе мол бидай мен арпа жинап отырды. 3—4 жылдан кейін жер тыңайтуға қалдырылып, оның орнына жаңа, бозды бетегелі участоктер өндөле бастады. Астық ашық қырмандарда бастырылып, құрғақ үраларға көмілді. Астықты орыс диірмендеріне, кол диірменге тартады немесе ағаш келіге салып түйеді.

Ол кезде егіншілікпен қазақ халқының аздаған бөлігі ғана айналысты. 1857—1860 жылдары Шығыс Қазақстанда отырықшы егіншілердің саны 2076 болды, олар 736 десятина жер өндеді. Торғайда 1866 жылы егіншілікпен 900 қазақ семьясы шұғылданды. Орынбор линиясы бойынша 15 мың десятина жер көтерілді, ол миллион пүтқа дейін астық беріп отырды. Сырдарияда 60 жылдардың бас кезінде шамамен 58 мың десятина жерге тұқым себіліп, 9 миллион пүтқа жуық астық жыйналды. Айдалған жердің көлемі, баяу болғанымен, үздіксіз есе берді. Қазақ даласындағы тұрмыстың жаңа жағдайлары халықты табыстың жаңа, негұрлым прогрессивтік көздерін табуға итермеледі.

Егіншіліктің дамуына белгілі дәрежеде рыноктың талаптары ықпал етті. Сырдария форттарында жылқы санының көбеюі жемшөп молшылығын қажет етті де, сол маңайдағы егіншілер шабындықты ынтамен шабуға шықты. Орыстың әскери бекіністерінің төңірегінде орыс халқын қарбыз, қауын, пияз және басқа овоштармен жабдықтау үшін огород-бақшалар көбейе бастады. Соған қарамастан жергілікті егіншілік өнімдері казақтардың өздеріне жетіспей жатты. Олар әсіресе, мал шығыны көп болып, астықты мол тұтынуға тұра келген жылдары қатты тапшылық көрді. Сондықтан жыл сайын Қазақстанға басқа жақтардан көп мөлшерде үн әкелінетін: таможнялардың мәліметі бойынша, XIX ғасырдың 50-ші жылдарының бас кезінде Россиядан әкелінген үнның мөлшері 60 мың пүттан астам болды.

Сонымен, Қазақстанның Россия құрамына енүі оның экономикалық дамуына қолайлы әсер етті. Сыртқы, жәнә ішкі сауданың дамуы сауда капиталының жыйналуына көмектесті, жергілікті шаруашылықтың бірсыныра салаларында сыртқы және ішкі саудаға арналған товарлы

өндіріс дамыды; рынокқа қызмет ететін жергілікті ұсак, өнеркәсіп пайда болды, егіншілік неғұрлым тезірек өрге басып, көптеген көшпелі қазақтар отырықшы тұрмысқа көшті.

Осы экономикалық процестерге байланысты терең әлеуметтік ілгері басуышылық, тұрмыстық өзгерістер болды. Үнемі өсіп бара жатқан товар айырбасы жағдайында қазақ қоғамы онан әрі жіктеле түсті: бір жағынан байлар көбейіп жатса, екінші жағынан ауыл халқының кедей топтары арасында азып-тозып жалдамалы батрак-ка айналу процесі күшіне берді.

XIX ғасырдың орта шенінде-ақ сұлтандар мен ру базылары бұрынғы қоғамдық ірі салмағынан айрылды: бай мал иелері мен көпестер, ата тегіне қарамастан, ескі қазақ ақсүйектерін ығыстыра бастады. Екінші жағынан орыс халқымен араласу және орыс товарларының пайда болуы қазақ халқына жаңа мәдени талаптар мен ұнату қасиеттерін екті: көшпелі малшының киіз үйіне орыс мatalары мен ыдыс-аяқтары, үй тіршілігінің заттары (самауыр, колжуғыш, шыны ыдыстар, айна және сондайлар) ене бастады.

Қазақ даласының әлеуметтік-экономикалық және тұрмыстық бейнесі мықтап өзгерді. Қазақстан бұрынғы шаруашылық тар шеңберден шықты, және де, неғұрлым да-мыған Россиямен экономикалық жағынан ұштасып, прогрессивтік экономикалық процестің толқынына ілесті.

\* \* \*

Орыс қоғамының алдыңғы қатарлы өкілдері қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зор ынта қойып зерттеді, оның патша отаршыларына және жергілікті феодалдарға қарсы күресіне тілекtestтік сезіммен қарады. Мәселен, революционер-демократтар И. А. Герцен мен Н. Г. Чернышевский қазақ халқын езіп-жаншыған орыс жендеттерін аяусыз әшкерелеп, оларға лағнат айтты.

XIX ғасырдың орта шенінде қазақ даласына ғылми-зерттеу мақсатымен келген саяхаттардың, экспедициялардың саны көбейді. Бұлардың қатарына Е. Д. Ковалевскийді, Т. П. Семенов-Тянь-Шанскийді, А. И. Макшеевті, А. И. Бутаковты, Т. Г. Шевченконы және басқаларын қосуға болады.

Қазақстанға орыс әдебиеті үлкен мәдени ықпал жасады. Оның қазақ халқы арасында таралуы қазақ балаларын орыс тілінде оқытуға байланысты туды. Бірте-бір-

те әдебиетпен әуестенушілердің қатары көбейе берді. Казақ халқының мәдени дамуы үшін мұның зор маңызы болды.

Орыс және казақ халықтарының арасындағы мәдени байланыс орыс әдебиетінде қазақтардың түрмисы мен өмірінің бейнеленуінен де көрінді. Қазақстанда болған жазушылар халықтың ауыз әдебиетіне қызыға қарады, ең тандаулы шығармаларды жазып алған, кейіннен оларды түп нұсқасында, немесе, орысшаға аударып басып шығарды.

А. С. Пушкин «Пугачев көтерілісінің тарихына» материал жинап жүріп, 1833 жылы Орынбор мен Уралға келді, бірсыныра қазақ ауылдарында болды. Осы сапар кезінде А. С. Пушкин қазақтардың өмірімен, әдет-ғұрпымен, өлеңдерімен, аңыздарымен тікелей танысты. Оның тапсыруы бойынша — «Қозы Қөрпеш — Баян Сұлу» поэмасы жазып алынды. Поэманың лиризмі, оның геройларының аянышты тағдыры ақынды толқытпай қойған жок.

А. С. Пушкин «Ескерткіш» деген өлеңінде өзін көп-үлтты ұлы елдің ақыны ретінде мактанашибен көрсетеді.

«Дабысым Россияға кетер жалпак  
Тіл біткен жүрер менің атымды атап...<sup>1</sup> »

Ақынның қол жазбаларының бірінде осы өлеңінде соңғы жолдарын былай деп жазғаны назар аударады:

«Славян, фин, грузин, қырда-қалмак,  
Қыргыз бен черкастың зор үрпактары...»

XIX ғасырдың 30-ншы жылдарында В. А. Ушаковтың «Қырғыз-қайсақ» деген повесті жарыққа шықты. В. Г. Белинский бұл кітапты жоғары бағалады. Повестің тарихи-әдеби маңызын атап көрсете отырып, ұлы сыншы автордың «романды шындықпен жақындастыруға» ұмтылғанын бағалады және де повестінің әдебиеттегі халықтық сыйпат деп көрсетті.

<sup>1</sup> А. С. Пушкин. Толық шығармалар жыйнағы, 11 том, Мемлекеттік әдебиет баспасы. М., 1938, 262 бет. Осы өлеңінде алғашкы нұсқасында Пушкин Орынбор өлкесіне барғанда өзіне таныс болған қыргыздарды яғни қазақтарды атап кетеді

Орыстың белгілі фольклеристі В. И. Даль қазақ халқының тұрмысынан бірсыптыра тақырыптарда шығармалар жазды. 1838 жылы оның «Бикей мен Мәулен» деген повесті жарыққа шықты. Мұнда ақылды, аққөніл, адал жігіт — Мәулен мен өз махаббатын, намысын табандылықпен қорғаған Бикей қыздың образдары асқан жылдылықпен жасалған. Бикей Мәуленнің өлімінен кейін де, күресін тоқтатпайды. Ол әкесінен қашып кетіп, губернаторға барады, оған: сүйген жігітімді өлтірген жендеттің әйелі бола алмаймын, деп ашып айтады. Автор Қазақстанды жайлаған патриархалдық-феодалдық әдет-ғұрып пен тұрмыс салтын шынайы суреттейді. В. И. Дальдың «Майне», және «Тұнқуар» атты шығармалары да қазақ тақырыбына арналған.

Патша өкімет орындары қуынға түсіріп, қазақ дала-сында айdap жіберген орыс және украин халықтарының революцияшыл пиғылдағы өкілдері қазақ қоғамының алдыңғы катарлы адамдарына прогрестік әсер етті.

1847 жылы майда украинаның ұлы ақыны Т. Г. Шевченко революциялық қызметі үшін қазақ даласына айдалды, оның жазуына және сурет салуына тыйым салынды. Шевченко Қазақстанда 1847 жылдан 1857 жылға дейін болды, қазақ халқының хал-жағдайы мен тұрмысын мұқыят зерттеді. Қатаң тыйым салынғанына қарамастан, ол қазақ еңбекшілерінің өмірінен көптеген картиналар жасады. «Қазақ семьясы», «Ат үстіндегі қазақ», «Бақсылар», «Бала пеш жағып отыр» және басқа көптеген картиналарында қарапайым қазактардың тұрмысы мен жағдайы реалистік түрғыдан, жылы сезіммен бейнеленген. Ақынның бірсыптыра шығармаларында очың да-ризмнің ұлт отарлық саясатына теріс көзқарасы көрсетілген. «Далада еркіндікте» деген өлеңінде украин табиғатын қазақ даласымен салыстыра отырып, ақын былай деп жазады:

«Кәзіргіден мұнда талай ғасырғы,  
Шөлді өлке сырын бізден жасырды,  
Сонда да оны себеппенен таптық біз.  
Мұнда тезден берік өмір жасармыз,  
Мүмкін тіпті зиярат соғып алармыз,  
Бәрін де біз, бәрін де біз жасармыз»

Царизм өзінің зорлықшыл саясатымен қазақ еңбекшілерін құртуға бағытталған соғыс-отарлық тәртіп орна-

татынына Т. Г. Шевченко назар аударды. Оның «Тәңірінің есігі артында балта жатты» деген өлеңін осы мағнада түсінуге болады:

«Боздайды түйе, зарлайды,  
Мұңайады, шерлі қазак мұлгиді.  
Қара-бұтак далаға да көз салып,  
Сынғыш ағаш бұталарын еске алып,  
Беткейден түсіп жайменен,  
Көзден таса болар сазды сайменен»—  
дейді ақын.

Россияға қосылған уақыттан бастап Қазақстанға орыс білімі ене бастады. Орыс тілін оқытатын мектептер бәрінен бұрын Қазақстанмен шекарадас қалаларда — Орынборда, Омскіде және басқаларында ашылды, бұл жерлер кейін өлкенің жеке облыстарын басқару орталықтарына айналды.

Мектеп үйымдастыру талабы мынадан туды: бір жағынан жергілікті орыс халқын біріктіру керек болды. Екінші жағынан патша өкіметіне Қазақстандағы әкімшілік аппараты үшін өз кадрларын даярлау қажет еді.

1765 жылы Омскіде, Петропавелда және Ямышев стансиясында соғыс ведомствосы үшін кадрлар даярлайтын «гарнizon мектептері» ашылды. 1789 жылы Омскіде «Азият мектебі» ашылды, онда аксүйек қазактардың балаларынан тілмәштар мен қатышылар даярланды. Жалпы білім беретін пәндерден тыс мұнда бірнеше шығыс тілдері оқытылды. Кейінірек мектепте жер өлшеу және топография мамандырын үйрететін қластар үйымдастырылды.

1813 жылы Омскіде әскери училище ашылды, ол 1847 жылы Сибирь кадет корпусы болып қайта құрылды.

1825 жылы Орынборда әскери училище ашылып, ол да 1844 жылы Орынбор кадет корпусына айналды.

Бұл мектептердің бәрінде де орыс балаларынан басқа, ауқатты қазактардың балалары оқыды. Мектептерді үйымдастыру жөніндегі указда атап көрсетілгеніндей, олар «азияттарды орыстармен жақындастыруға азияттардың орыс үкіметіне сүйіспеншілігі мен сенімін күштейтуге және өлкеге сауатты қайраткерлер беру ісіне ықпал етуге» тиіс болды.

Оку жоспары мейлінше кең болды. Орынбор кадет корпусының «Азият бөлімінде» әскери пәндерден тыс, орыс тілі, тарих, география, математика, минерология, зоология, ботаника, орман шаруашылығы сабактары және бірнеше шығыс тілдері оқытылды.

1841 жылы Хан сарайында орыс мектебі ашылды, оған негізінен қазақ ақсүйектерінің балалары қабылданды.

1850 жылы Орынбор шекара комиссиясының жанынан мектеп ашылды. Ол мектептің уставында көрсетілгеніндегі «жергілікті жерде шекаралық басқару қызметіне қабілетті, аға сұлтандар мен Ордадағы дистанция бастықтарының жанында хат жүргізетін және тек қана қырғыздар тағайындалатын басқа да лауазымда қызмет істейтін адамдарды» даярлады. Мектеп жетіжылдық болды. Программада орыс және татар тілдерін, географияны, арифметиканы, мұсылмандық діни білімді, орыс және татар тілдерінде іс қағаздарын жүргізе білуді үйрету көзделінді.

Россиядағы өсіп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күресте осы шаралардың бәріне қарамастаң, царизм бүкіл империя территориясында әскери-полицейлік тәртіп орнатты. Орыс халқының таңдаулы өкілдері — революцияшыл демократтарды жазаға тартты, каторга айдады, ұзак жылдар, бойына шет аудандарға, соның ішінде Қазақстанға жер ауып айдалып жатты. Алайда қатал шаралар Россиядағы барған сайын өсіп келе жатқан революциялық қозғалысты бәсендету былай тұрсын, қайта елдің, шет аймақтарында революциялық идеялардың таралуын күшайте түсті. Саяси айдаудағылар белсенді революциялық қызметін онан әрі өрістетіп, демократиялық және революциялық идеяларды насхаттай берді. Царизм мен крепостниктің өшпенінді болған — орыс революционерлері, езілген отар халықтарға тілекестік, сүйіспеншілік сезіммен қарады. Н. Г. Чернышевский бастаған революцияшыл-демократтар ұлттық қарым-қатынас және бағынышты «ұсак» халықтардың жағдайы туралы мәселені қоғамдық зор маңызы бар мәселе деп түсінді. Н. Г. Чернышевскийдің 1861 жылы «Современикте» жарияланған «Ұлттық әдепсіздік» деген белгілі мақаласы царизмнің ұлт-отарлық саясатына қарсы айқын наразылықтың үлгісі болды.

XIX ғасырдың елуінші жылдарында петрашевшілер С. Ф. Дуров пен Ф. М. Достоевский Омскі мен Семейде каторгада және айдауда болып қайтты.

Белсенді петрашевшілердің бірі — С. Ф. Дуров, каторгалық жұмыстың ауыр жағдайларына қарамастан, өз жүргегінде патшалық құрылышқа деген өшпенделікті, берік сақтап, революционер ретінде рухани шындала тұсті. Ол Ш. Ш. Үәлихановпен таныс болды және оның идеялық қалыптасуына зор ықпал етті. «Үәлихановтың саяси сенімдері петрашевші Дуровтың ықпалымен қалыптасты» деп көрсетті Г. Н. Потанин.

XIX ғасырдың әкінші жартысында Семейде орыстың саяси айдаудағы өкілдерінің бір тобы тұрды. Олардың қатарында Чернышевскийдің ізін қуушы Е. П. Михаэлио, халықшыл Нифонт Долгополов, поляк революционері Северин Гросс болды. Саяси көзқарастарының пісіп жетілмегеніне қарамастан, олар революциялық идеялардың тарапалуына белгілі әсер етті. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев Михаэлиспен, Долгополовпен, Гросспен достық байланыс жасап, солардың көмегімен орыс қоғамының классикалық әдебиетін және саяси тұрмысын зерттеп үйренді. Абай айдауда жүргендердің қазақ тарихы мен тұрмысын үйренуіне көмектесті.

Сонымен Қазақстанның әртүрлі қалалары мен селоларында саяси айдаудағылар қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдерімен байланыс жасады. Қазақ қоғамының саяси қоғамдық дамуы үшін айдаудағылардың әдеби және ғылми еңбектерінің, жеке әңгімелерінің зор маңызы болды.

XIX ғасырдың аяқ шенінде Қазақстанның бірсыныра қалаларында орыс айдаудағылары — социал-демократиялық үйірмелердің мүшелері тұрды. Олар шет өлкеде тұңғыш маркстік үйірмелер үйімдастыруды. Россияда жұмысшы қозғалысының өсуі және өлкеде РСДРП үйімдарының пайда болуы Қазақстанды жұмысшы және шаруалардың бүкілrossиялық революциялық қозғалысына тартты.

XIX ғасырда орыстың демократияшыл мәдениетінің ықпалымен тұңғыш қазақ ғалымдарының — Кашкария мен Қыргызстанды зерттеуші Ш. Ш. Үәлихановтың, педагог-ағартушы И. Алтынсариннің және қазақ әдебиетінің классигі ақын Абай Құнанбаевтың көзқарастары қалыптасты.

Казак қоғамының бұл прогрессіл өкілдері қазақ халқының орыс халқымен жақындастырының ұлы маңызын та-  
маша түсінді және соны жақтады.

Казақ ағартушылары ғасырлық қараңғылықтан шығудың бірден-бір дұрыс жолын орыс халқымен жақындаудан, қазақ халқының орыс мәдениетін үйіренуінен көрді.

Мысалы, Шоқан Уәлиханов былай деп жазды: «Біз... орыстармен тарихи және тіпті хандас туыскандық арқылы байланыстымыз. Орыстарды ғтандаған бауырымыз деп есептейтін және орыстардың қоластына өз еркімен енген, азаматтық дамудан күмәнсіз уміт ететін миллиондаған адамдардың тағдыры болу немесе болмау деген шешуші мәселеде зор көңіл бөлуді және мол қамқорлық жасауды қажет ететін сыйкты және ол соған лайықты да»<sup>1</sup>.

1861 жылы Шоқан Уәлиханов Петербургта «Современик» журналының редакциясында Н. Г. Чернышевскийге барып, онымен әңгімелесті. Шоқан Чернышевскийді езілген халыктардың досы деп қарады. Ол осы кездесу туралы былай деп жазды: «Бұл Чернышевский деген қандай тамаша кісі және орыстан басқа халыктардың өмірін соншалықты жақсы біледі десеңізші. Мен онымен әңгімелескеннен кейін, біз Россиясыз құрып кеміз, орыстарсыз болу — бұл ағартусыз, деспотия мен қараңғылықта қалу деген сөз, орыстарсыз біз тек Азиямыз, онсыз біз басқа ешкім де бола алмаймыз. Чернышевский — біздің досымыз, деген ойға біржолата бекіндім»<sup>2</sup>]

Уәлиханов қазақ халқының тарихи тағдырын алдыңғы қатарлы демократиялық Россия түрғысынан қарады, оны ұлы орыс халқының тағдырымен тығыз байланыстыруды. Ш. Уәлихановтың бүкіл қызметі осы негізгі мак-  
сатқа бағындырылды:

Үбрай Алтынсарин қазақ даласындағы тұңғыш халық мұғалімі болды, ол орыс білімін тарату үшін көп еңбек сінірді.

---

<sup>1</sup> Шоқан Уәлихановтың шығармалары. С-Петербург—1904 ж. 155 бет.

<sup>2</sup> А. Ф. Якунин. «Орта Азия мен Казакстан халыктары XIX ғасырдың екінші жартысында. Орта Азияның Россияға қосылуы». КПСС Орталық Комитеті жаңындағы Жоғары партия мектебі М. 1951, 17 бет.

Алтынсарин орыс алфавиті негізінде қазақ тілінің окулығын құрады, қазақ жазуының даму жолдарын белгілеп берді. Қазактардың жас үрпағына арнап ол былай деп жазды: «Қырғыздардың (қазактардың—Т. Ш.) жас үрпағы орыстың тілі мен білімін мәдениет пен білімнің бірден-бір тілі деп қарайды және оны жақсы көріп, үйрене береді»<sup>3</sup>.

«Казактарға кәзірден бастап кешеуілдетпей, бұл қабілетті және ақылды халықтың дұрыс қоғамдық дамуға апаратының түсіндіріп, тұра бағыт беру керек»<sup>4</sup>.

Алтынсарин қазақ халқының орыс халқымен достығы идеясын, орыс мәдениетін насхаттауға көп күшін жүмсады.

Орыс халқымен достық туралы Абай Құнанбаев бұдан да дәлірек айтты. Ол былай деді: «Орысша оку керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуга тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсен, көкрек-көзің ашылады... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті»<sup>2</sup>.

Абай ұлы орыс халқының тарихи ролін терең түсінді. Оның өзі де көп жағдайда орыс мәдениетіне борышты болды. Оның игілікті әсерімен ақынның дүниеге көзқарасы дамыды. Революционер-демократтар оның ұстазы және достары болды. Ұлы орыс әдебиеті оның алдына гуманизм мен әділдік идеясы дүниесінің есігін ашты.

Абай Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын қазақ тіліне аударып, оларды қазақтың халық бұкарасына түсіндірді, Абай жастарды Толстойдан, Салтыков-Шедриннен үлгі алуға үйретті.

Орыс мәдениетінің Қазақстанға сіңісуінде Қазақстан мен Орта Азияны зерттеуші алдыңғы қатарлы орыс галымдары: географ Семенов-Тяньшанскийдің, зоолог Северцовтың, шығысты зерттеуші Аристовтың, Вельяминов-Зерновтың, Пржевальскийдің, жазушы Даңдің және

<sup>3</sup> ЦГИАЛ, ф. 733, д. 15697а, л. 159, 1885.

<sup>1</sup> И. Алтынсариннің 1883 жылғы 20 октябрьдегі баяндама хаты.

<sup>2</sup> Абай Құнанбаев, Шығармаларының толық жинағы, Алматы, 1948 жыл, 348 бет.

баскалардың еңбекінің зор маңызы болды. Олардың барлығы қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарап, оның сауаты ашылуын шын ниетімен тіледі.

XIX ғасырдың орта кезінде Орынборда қазактар үшін тұңғыш советтік мектеп болып табылатын жеті жылдық білім беретін мектеп ашылды. Омскіде орыс және қазақ балалары үшін училище ашылды. Қазақстанда оку орыс жазу таңбалары негізінде жүргізілетін орыс-қырғыз мектебі деп аталатын мектептер пайда бола бастайды.

Орыс-қырғыз мектептерінен басқа, кейбір қалаларда Орынборда, Омскіде, Ақтөбе, Костанайда, Петропавелда оқытушылар курсы немесе оқытушылар семинариясы, сондай-ақ ауылшаруашылық және фельдшерлік училишлер ашылады. Олардың алдына патша үкіметі қойған орыстандыру міндетіне қарамастан, олар қазактарды ұлы орыс халқының мәдениетіне тарту ісінде прогресивтік роль атқарды.

Осылармен бір мезгілде, XIX ғасырдың екінші жартысында алғашқы ауруханалар ашылады, шешек ауруын егу енгізіліп, мындаған адамдардың өмірін жойып келген шешек ауруының таралуы қысқарады. Каантиндер оба, сүзек және басқа аурулардың таралуын кемітуге мүмкіндік туғызды. Және бұл, американ отаршылары индиялықтарды қыру үшін шешек вирусын таратып, ағылшындар Индия мен Қытай халқын апыйынмен улап жатқан кезде болды.

Орыс мәдениетінің прогрессивтік әсері Қазақстанға реакциялық мұсылман мәдениетінің, Шығыс идеологиясының және оның бұқараға зыянды ықпалының таралуына жол бермеді. XIX ғасырда мұсылманның исламдық мәдениеті Қазақстан үшін ешқандай прогресс бере алмайтын еді.

XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында қазақ тіліндегі алғашқы газеттер мен кітаптар шығады. Орыстың алдыңғы қатарлы демократиялық мәдениетінен күшті әсер алған интеллигенция қалыптаса бастайды.

\* \* \*

Қазақстанның Россияға қосылуының прогрессивтік маңызын айта отырып, барлық прогрессивтік жайларды, Қазақстанның шаруашылық және мәдени артта қалушылығын сактауға тырысқан, үлттық ала-ауыздықты өршітіп, еңбекші бұқараны қанайтын байларды колдаған ца-

ризмнің отаршылдық саясатынан айқын және батыл айрып қарау қажет.

Царизмнің Қазақстанға ену мөлшеріне қарай отарлық езгі күшіне түсті. Патша чиновниктері мен патшаның қызметіндегі бай-феодалдардың зорлық-зомбылығы да күшінді. Осыған байланысты Қазақстанда бай-феодалдық және отарлық езгіге қарсы бірнеше көтерілістер болды.

Тіпті XVIII ғасырдың екінші жартысында-ак қазақтың еңбекші бұқаралары Емельян Пугачев бастаған орыс шаруаларының көтерілісіне қатысты. Бұл орыс-қазақ шаруаларының ортақ жау-самодержавиялық-крепостнойлық құрылышқа алғашқы рет бірлесіп қарсы шығуы еді. Бұл бірлесіп жүргізген күрестің орыс және қазақ халқының достығын онан әрі нығайтуда зор маңызы болды, оларды бұрынғыдан да ғөрі жақындастыра түсті.

XIX ғасырдың аяғына қарай Россия революцияшылдығы жөнінен алдыңғы қатарлы ел болды. Маркстің көрсеткеніндей бұл уақытқа дейін «Россия Европадағы революциялық қозғалыстың алдыңғы катардағы отряды болып отыр»<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың әкінші жартысында Қазақстанда алғашқы өнеркәсіп орындары (Қарағанды, Степняк, Ащасай және басқалары), мұнай кәсіпшіліктері (Эмбі) пайда болды. Қазақтардың арасынан өнеркәсіп орындарының тұңғыш жұмысшылары шыға бастады.

XIX ғасырдың аяғынан және XX ғасырдың басынан бастап Қазақстанға шетел капиталы ене бастады. Патша үкіметі таңдаулы кен көздерін концессияға берді. Мәселен, 1896 жылы француз капиталистеріне Зирян рудниктерін: 1904 жылы Қарағанды кен қоры концессияға берілді. Қазақстанға американ капиталистері де үмтүлды. Аса ірі кен көзі — Жезқазған американың «Спасск кен рұласы Акционерлік қоғамның» қолына көшті. Англияның «Риддер акционерлік қоғамы» аса бай Риддер полиметалл рудниктерін монополиялады. Сөйтіп Россияның Алтайдағы аса ірі түсті металл кендерін иемденіп алды.

Шетел капиталистері Қазақстанның кен өндірістік өнеркәсібін өркендетуді көзdemеді. Концессионерлер таза

---

<sup>1</sup> К. Маркс және Ф. Энгельс таң шығар I-том З бет.